

13.02.24 күні ғылым апталығы аясында «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ бас директорының орынбасары Н. Н. Кулбатыров қатысуымен «Өңірлердегі азық-түлік қауіпсіздігін басқару» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Нұрлан Найзабекұлы азық-түлік қауіпсіздігін сақтау қажеттігін атап өтіп, азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін бірлесе жұмыс істейтін ұйымдарға тоқталды.

14.02.24 күні э.ғ.к., ESIL университетінің доценті Р.К.Берстембаеваның қатысуымен «Қазақстандағы өмір сүру деңгейін арттырудың қаржылық факторлары» тақырыбында дәріс өтті. Рысты Құдайбергеновна Қазақстандағы өмір сүру деңгейін бағалау әдістемені жетілдіруді, тұтыну себетінің құрамы мен құрылымын қайта қарауды қажет ететінін атап өтті. Өмір сүру құны нақты жағдайды көрсетпейді және бұл нысанда әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін объективті негіз бола алмайтыны туралы айтты.



